БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а. М.М. Умуркулова

_____ 2026 ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
Академиялық кеңесі туралы ереже

(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы» Заңына, 29.11.2007 ж. № 583 Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына, 30.10.2018 ж. №595 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2 Академиялық кеңес университеттің академиялық саясатын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ететін алқалы орган болып табылады.

1.3 Академиялық кеңес факультеттердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының жұмысын үйлестіреді.

1.4 Академиялық кеңестің қызметін академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректор басқарады.

2. Академиялық кеңестің жұмыс тәртібі

2.1 Академиялық кеңестің өкілеттік мерзімі бір оқу жылын құрайды.

2.2 Академиялық кеңес мүшелерінің саны тақ болуы керек.

2.3 Академиялық кеңестің тұрақты құрамын академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректордың ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес бекітеді.

2.4 Академиялық кеңестің жұмысы кеңес отырысында қабылданған және Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2.5 Академиялық кеңестің отырыстары екі айда кемінде бір рет өткізіледі.

2.6 Академиялық кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

2.7 Академиялық кеңестің әрбір отырысы қазақ және орыс тілдерінде хаттамамен ресімделеді, оған төраға мен хатшы қол қояды.

2.8 Академиялық кеңестің жылдық жұмыс жоспары және тұрақты мүшелерінің құрамы университеттің сайтында орналастырылады.

3. Академиялық кеңес қызметінің негізгі бағыттары

3.1 Мониторингтік қызмет:

- университетте оқу үдерісін жетілдірумен және оны ресурстық қамтамасыз етумен байланысты әдістемелік және әдіснамалық сипаттағы мәселелерді қарау;
- қосымша білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ету мониторингі;
- білім беру саласындағы университеттің стратегиялық міндеттерін орындау және белгіленген индикаторларға қол жеткізу мониторингі.

3.2 Жоспарлау:

- білім алушылар контингентін, білім беру бағдарламаларының бейінін, даярлық деңгейі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін ресурстық қамтамасыз ету жоспарларын жасау: оқу, оқу-әдістемелік әдебиетті және басқа да материалдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде басып шығару және сатып алу; оқу жабдығын сатып алу және жаңарту;
- өңірлер бойынша және жалпы ел бойынша демографиялық, экономикалық және салалық ахуалды ескере отырып, білім беру үдерісін перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру;
- дайындықтың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу;
- Академиялық кеңестің жылдық жұмыс жоспарын жасау;
- факультеттердің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары қызметінің жылдық жоспарларын бекіту.

3.3 Сараптамалық қызмет:

- оқу, оқу-әдістемелік құжаттаманың, оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын бағалау және рецензиялау, оларды басып шығару және оқу үдерісінде пайдалану жөнінде ұсынымдар дайындау;
- университеттің оқу және оқу-әдістемелік құжаттамасын және ілеспе құжаттаманы бекіту;
- нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- білім беру бағдарламаларын жобалау, іске асыру және сараптау тетіктерін әзірлеу, бекіту, оларды іске асыру үшін ресурстарды бөлу;
- инновациялық білім беру бағдарламаларын жобалауға жәрдемдесу;
- республикалық тізілімге енгізу үшін инновациялық бағдарламалардың мазмұнын сараптау;
- қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бағалау;
- білім алушылардың үлгеріміне, білім беру үдерісіне қатысушылардың қанағаттанушылығына, жалпы мамандарды даярлау сапасына байланысты мәселелерді қарау.

4. Академиялық кеңестің құрылымы

4.1 Академиялық кеңес құрамына Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі академиялық комитет, Білім беру бағдарламаларын жобалау және сараптау жөніндегі академиялық комитет, Оқыту сапасын бағалау жөніндегі комиссия кіреді.

5. Академиялық кеңес Комитеттері мен Комиссияларының құрамы мен функциялары

5.1 Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі академиялық комитет.

5.1.1 Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комитеттің құрамына факультеттердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының төрағалары, әкімшілік-басқару персоналының, білім алушылардың өкілдері кіреді.

5.1.2 Комитет құрамындағы әкімшілік-басқару персоналының өкілдігін Академиялық кеңестің төрағасы белгілейді.

5.1.3 Комитеттің функциялары:

- университеттің оқу-әдістемелік жұмысын, ақпараттық-білім беру инфрақұрылымын ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- білім беру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуінің ағымдағы жағдайын талдау;
- университеттің стратегиялық міндеттері, ҚР ҒЖБМ нормативтік талаптары, жалпы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат аясында кафедралар мен қосымша білім беру факультетінің оқу-әдістемелік жұмысын талдау;
- университеттің білім беру саласындағы стратегиялық міндеттерді іске асыруды талдау;
- университеттің академиялық саясатын жүзеге асыруды талдау және білім беру трендтері аясында оны жақсарту бойынша шараларды анықтау;
- университеттің білім беру саласындағы стратегиялық даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;
- «академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дың академиялық саясатын» және университеттің оқу-әдістемелік қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіруге қатысу;
- оқу және оқу-әдістемелік құжаттамаға сараптама жүргізу және оларды бекіту;
- оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі оқу материалдарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру, оларды басып шығару және оқу үдерісінде пайдалану бойынша ұсынымдар дайындау;
- ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

5.2 Білім беру бағдарламаларын жобалау және сараптау жөніндегі академиялық комитет.

5.2.1 Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеумен Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен құрылатын академиялық комитеттер айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

5.2.2 Комитеттің функциялары:

- инновациялық білім беру бағдарламаларының, қос диплом бағдарламаларының, бірлескен бағдарламалардың, қосымша білім беру бағдарламаларының тұжырымдамасы мен жобасын қарау;
- инновациялық бағдарламаларды, қос диплом бағдарламаларын, бірлескен бағдарламаларды, қосымша білім беру бағдарламаларын жобалауда әдістемелік көмек және ұйымдастырушылық қолдау көрсету;
- қолданыстағы білім беру бағдарламаларына сапалы өзгерістер енгізу туралы кафедралардың ұсыныстарын қарау;
- білім беру бағдарламаларының мониторингі және оларды бағалау туралы Ережеге сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына мониторинг жүргізу және бағалау;
- білім беру бағдарламаларын жобалау және сараптау тетіктерін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- Академиялық кеңес үшін білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасы туралы талдамалық баяндамалар және инновациялық білім беру бағдарламаларының республикалық сараптамаға дайындығы туралы қорытындылар дайындау;
- білім алушылардың үлгерімін, олардың оқу сапасына қанағаттануын талдау.

5.3 Оқыту сапасын бағалау жөніндегі комиссия *(30.11.2022 ж. № 7 хаттама толықтырулар Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

5.3.1 Комиссия қызметін үйлестіруді стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті жүзеге асырады, ол комиссия басшысының функцияларын орындайды *(27.02.2025 ж. №11 хаттама толықтырулар Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

5.3.2 Комиссия жариялылық жағдайында жұмыс істейді, оқытушылар Комиссия мүшелерінің сабаққа қатысқаны туралы хабардар етіледі.

5.3.3 Комиссия мүшелері (сарапшылар) факультет деканының ұсынуы бойынша, әдетте, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар университеттің тәжірибелі оқытушылары арасынан сайланады.

5.3.4 Сарапшының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, жалпы, коммуникативтік және кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі.

5.3.5 Сарапшының жеке қасиеттеріне қойылатын талаптар: адалдық, өзіне деген талапшылдық, ізгі ниеттілік, әдептілік, студенттерге деген құрмет, әділдік, табандылық.

5.3.6 Комиссия құрамын Академиялық кеңес ашық дауыс беру арқылы бір жыл мерзімге бекітеді.

5.3.7 Комиссияның жұмысына жұмыстың үлкен көлемі немесе оқытушының теориялық даярлық деңгейін бағалау үшін бейіндік білім қажет болған жағдайда қосымша ішкі сарапшылар тартылуы мүмкін.

5.3.8 Сарапшылардың сабаққа қатысу рәсімі Оқыту сапасын бағалау жөніндегі әдістемелік құралдармен (бұдан әрі – Әдістемелік құралдар) регламенттеледі.

5.3.9 Әдістемелік құралдар оқыту сапасын бағалау әдістемесінің жалпы сипаттамасын, сабақ сапасының сауалнамаларын (сабақ түрлері бойынша), әр критерий бойынша деңгейді анықтауға арналған дескрипторларды қамтиды.

5.3.10 Әдістемелік құралдар Академиялық жұмыс департаментімен келісіледі және университеттің Академиялық кеңесінің отырысында бекітіледі.

5.3.11 Сабаққа қатысу үшін оқытушылардың тізімі Академиялық кеңестің шешімдері негізінде, білім алушылардың әлеуметтік сауалнамаларының нәтижелері бойынша және Академиялық жұмыс департаментінің ұсынымдары бойынша жасалады. Сондай-ақ ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 1 жылдан 3 жылға дейінгі оқытушылардың сабақтарына қатысу көзделеді.

5.3.12 Оқытушымен келісім бойынша сабаққа қатысу факультет өкілімен (кафедра меңгерушісімен немесе факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасымен) бірлесіп жүзеге асырылуы мүмкін.

5.3.13 Қатысу нәтижелері оқытушымен талқыланады, сарапшы оқыту сапасын жетілдіру, әдістемелік көмекті ұйымдастыру (қажет болған жағдайда), оқытушының озық тәжірибесін тарату бойынша нақты ұсынымдарды тұжырымдайды.

5.3.14 Қатысу қорытындысы бойынша сарапшы Комиссия басшысына мынадай материалдарды тапсырады: сабақ сапасының сауалнамасы, оқытушы сабағын өзіндік талдау.

5.3.15 Комиссия басшысы Академиялық кеңеске жылына екі рет Комиссия қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

5.3.16 Қатысулардың қорытындысы бойынша материалдардың түпнұсқалары (сапа сауалнамалары, оқытушының сабақты өзіндік талдауы) Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаментінде бес жыл бойы сақталады, электрондық көшірмелері кафедра меңгерушілеріне одан әрі жұмыс істеу үшін жіберіледі.

5.3.17 Комиссия сарапшылары ретіндегі қызмет университет оқытушыларының бюджеттен тыс үстемеақыларын айқындаудың бағалау парағында ескеріледі.

6. Академиялық кеңес туралы ережеге өзгерістер енгізу тәртібі

Осы Ереже жоғары оқу орнындағы академиялық жұмысты ұйымдастыруға қойылатын жаңа сыртқы талаптардың туындауына, «академик Е.А. Бөкетов

атындағы ҚарҰЗУ-дың академиялық саясатын» өзектендіруге, Академиялық кеңестің, Ғылыми кеңестің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне байланысты өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Бөкетов Университетінің Академиялық
кеңесінің отырысында мақұлданды
(12.02.2025 ж. № 4 хаттама)